

Жоғары білім жетілдірілуі тиіс

Мемлекет басшысының Жолдауларынан әрбір жеке тұлға өзінің күнделікті өміріне, отбасына, жұмысына игі әсері бар тұстарын іздейтіні анық. Президент Қ.К.Тоқаевтың биылғы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты халыққа Жолдауы ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Жолдауда Президент ел экономикасын өркендетіп қана қоймай, білім мен ғылымды дамыту, әлеуметтік мәселелерді шешу, денсаулық, адам құқығын қорғау, халықтық билік, саяси жаңғыру, ұлт мәселесі, қазақ тілінің тағдыры сияқты мәселелерімен қатар өскелең ұрпақты өз бетімен ізденуге, ғылыммен айналысуына баса көңіл бөлу қажеттігін сөз етті.

Президенттің биылғы халыққа Жолдауынан, менің түсінігім бойынша, пандемия жағдайындағы білім мен ғылымды қалай дамыту мәселесі басты бағыт ретінде көрсетіліп отыр. Жолдаудың үшінші бөлімінің арнайы түрде «Сапалы білім беру» деп аталуының да үлкен мәні бар.



Сондықтан бұл мәселенің қолға алынуы білім саласының жаңа серпінмен дамуына кең жол ашады деп есептеуге болады.

Әрине, бұл мәселенің шешілуі мұғалімдер қауымының материалдық-тұрмыстық жағдайымен де тығыз байланысты. Осыған орай 2021 жылдың қаңтар айынан бастап сала қызметкерлерінің айлық табыстарының 25 %-ке өсуі қуанарлық жағдай болды.

Осыған байланысты институт ұжымындағы профессор-оқытушылар құрамының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту – маңызды бағыттардың бірі. Осы мақсатта 2020 жылдың өзінде айлық

малардан тұрады. Бұл ортада тек оқу үдерісі емес, білім беру ұйымының заманауи жабдықталған жүйесі, оқытудағы сандық ресурстарды қолдандудың маңызы артауда. Институтта осы бағытта бірнеше нысан бар, соның ішінде робототехника кабинеті жаңа ақпараттық технологияларды танымал ету, пәнаралық инновациялық жобаларды үйлестіру және әзірлеу, білім алушылардың заманауи технологияларға қызығушылығын арттыру мақсатында құрылған. Бұл студенттердің интеллектуалдық дамуын ғана емес, сондай-ақ мектеп оқушыларына робототехника курсы бойынша сапалы білім беру мақсатын да көздейді. Robotics (Роботикс) кабинеті қазіргі заманғы Arduino (Ардино) аппараттық-бағдарламалық құралымен және Fischertechnik Advanced (Фишертетник Эдвансед) конструкторымен жабдықталған.

Институт қабырғасында жақында ғана ашылған «Ақпараттық технологиялар орта-

Жолдаудың үшінші бөлімінің арнайы түрде «Сапалы білім беру» деп аталуының да үлкен мәні бар.

Біріншіден, елдің болашағы алдымен білім мен ғылымға байланысты екендігі анық. Мемлекет тарапынан білім мен ғылымға көп көңіл бөлінуде. Әлемде қалыптасқан ауыр жағдай біздің жастарымыздың білімге деген құштарлығын, оны игеру жолындағы талабына кедергі бола алмайды. Биылғы жылы мектеп оқушыларының бірнеше халықаралық жарыстарда жеңімпаз болуы сөзімізге дәлел бола алады.

Президент Жолдауында көрсетілген «Цифрлы ұстаз» білім беру жобасын енгізу және де мұғалімдерді әрбір 3 жыл сайын қайта даярлықтан өткізу туралы мәселенің қойылуы маңызды деп ойлаймын. Себебі, бүгінгі алған ақпаратымыз ертен ескіріп қалатын ақпараттар легінің тез таралып жатқан заманында біздің дайындап жатқан мамандарымыз, Президент айтқандай, «Шәкіртінің бойына жаңа білім сіңіре алатындай нағыз ағартушы болуы тиіс».

ның әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту – маңызды бағыттардың бірі. Осы мақсатта 2020 жылдың өзінде айлық жалақы 2 рет, ал 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап тағы 20% көтерілді. Үстіміздегі жылдың 1 қыркүйегінен бастап профессор-оқытушылар құрамының ең төменгі айлық жалақысын 200 мың теңгеге дейін көтеру жоспарланып отыр. Бұл жұмыстар педагог мамандардың көңіл-күйіне, сапалы білім беруіне мүмкіндік жасайды.

Жолдауда көрсетілген міндеттер біздің жоғары оқу орнының стратегиялық бағытымен сәйкес келеді. Сапаны арттыру, заманауи ағымына сай білім бағдарламаларымен қамтамасыз ету және оларды жүзеге асыруға білікті мамандар дайындау мәселесі күн тәртібінен түскен емес.

Қазіргі білім беру ортасы: оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларынан, теориялық ойлауға және өздігінен дамуға ұмтылған, шығармашылық-зерттеу қызметіне дайын студенттердің интеллектуалдық қабілеттерін жетілдіруге бағытталған жаңа фор-

дыкталған.

Институт қабырғасында жақында ғана ашылған «Ақпараттық технологиялар орталығы» студенттер мен мектеп оқушыларының заманауи ақпараттық техникалармен жақынырақ танысуларына мүмкіндік береді. Робототехника зертханасында үш түрлі робототехникалық жабдықтар бар. Сонымен қатар лазерлік кескіш, микросхема дәнекерлегіш, 3D принтер т.б. қосымша құрылғылар бар. Келешекте бұл орталық институт пен қала мектептері, колледждер арасында ақпараттық технологиялар, робототехника бойынша оқу жетістіктерін жоғарылатуға ықпал етеді.

Әрине бұл бағыттар бойынша өте көп жұмыс күтіп тұрғаны белгілі. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, Президент бастап, ел қостаса бұл аталған мәселелерді шешу, көрсетілген шараларды жүзеге асыру қиын емес деп ойлаймын.

Сейітбек ҚУАНЫШБАЕВ,
Ы.Алтынсарин атындағы
Арқалық педагогикалық
институтының ректоры.